



Ана тілі - адам болып жаралғаннан бері жан дүниенің айнасы, өсіп - өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана тілі – жүректің терең сырларын, халық тарихының барлық кезеңдерін ұрпақтан – ұрпаққа сақтап отыратын қазына.

- Сан ғасырлар кешегі,
Туған жердің шежіресі өседі.
Менің елім - Қазақстан Отаным,
Болашағы бізбен бірге өседі,- деп жырлайды ақындар.

Атамекен - туған тіл

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев: «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына жолдауында Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі - жаһандық

айтқандарынан мысал келтірсем, Төле би:

- Әрбір тілде сөйле әлемді таң қалдырып,
Ана тілін білмеу қандай заңдылық?

Өсер болсаң, байтақ далаң тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік,-десе,Қазыбек би:

-Жетер енді әркімге бір ермейік

ТІЛ ҚАРУЫ - СӨЗСӨЗ ҚАРУЫ - ОҒ



экономикаға ойдағыдай кіру тілі,, деген болатын.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілін білу әр азаматтың міндеті, тіл ұлт ерекшелігінің бірі, халықтың жаны, тұтастай кескін келбеті, болмысы.

Халқымыздың тарихында елі үшін, ұрпағының болашағы үшін алысып өткен кемеңгерлер, ойшылдар, қайраткерлер аз болмаған. Солардың қатарында от ауызды, орақ тілді, ақылы асып туған билер Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би бабаларымызды атап айта аламыз. Олардың ел тағдыры сынға түскенде абыздай күңіреніп арашаға келген осынау сұңғыла жандардың атқарған қызметі ұшан теңіз. Сол жанашырлардың

Қазақ болып құлашты кең сермейік

Қанға сіңген ана тілін халқым - ау,

Шұбарлауға ешқашан жол бермейік,-депті. Ал Әйтеке би болса:

- Қазақ қазақ болғалы, Тіл үшін күрес көргені. Көргені көп тілімнің, Мүмкін емес өлгені,-деп толғайды.

Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні бар" - дегендей тіл жанашырларының халқына., тіліне деген жанашырлығын, құрметін олардың осы айтқандарынан білуге болады.

Махфуза ҚАПЫШОВА,
№1 кітапхана
филиалының
кітапханашысы